

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени АЛЬ-ФАРАБИ



**«ТОЛЕРАНТТЫЛЫҚ ЖӘНЕ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ
ҚОҒАМДЫ МОДЕРНИЗАЦИЯЛАУ АЯСЫНДАҒЫ
МӘДЕНИАРАЛЫҚ КОММУНИКАЦИЯ НЕГІЗІ РЕТІНДЕ»,
«ИСЛАМДАҒЫ ТОЛЕРАНТТЫЛЫҚ ДӘСТҮРІ» және
«ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ҚОҒАМДА РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫҢ
МОДЕРНИЗАЦИЯЛАНУЫ» атты**
іргелі ғылыми-зерттеу жобаларының аясында
республикалық ғылыми-теоретикалық конференция

МАТЕРИАЛДАРЫ

МАТЕРИАЛЫ

Республиканской научно-теоретической конференции
в рамках фундаментальных научно-исследовательских проектов
**«ТОЛЕРАНТНОСТЬ И СОЛИДАРНОСТЬ КАК ОСНОВЫ МЕЖКУЛЬТУРНОЙ
КОММУНИКАЦИИ В КОНТЕКСТЕ МОДЕРНИЗАЦИИ КАЗАХСТАНСКОГО
ОБЩЕСТВА», «ТРАДИЦИЯ ТОЛЕРАНТНОСТИ В ИСЛАМЕ» и
«МОДЕРНИЗАЦИЯ ДУХОВНЫХ ЦЕННОСТЕЙ
КАЗАХСТАНСКОГО ОБЩЕСТВА»**

Алматы
«Қазақ университеті» 2015

Хадис әдебиеттерінде мазһабтарға бөлінудің үкімі туралы Хз. Пайғамбарға негізделген хабардың көбісі күдікті, сенімділік дәрежесі төмен хадистер. Хадис сыншылары (эксперт) мазһабтар және олардың құрушылары туралы айтылған хадистердің жалған екенін қабылдайды [8]. Хз. Мұхаммед пайғамбардың мұсылман қауымынан бөлінбеуге байланысты айтқан хадистері бар. Алайда бұл хадистердің айтылған уақытымен сол кездегі тарихи шарттар назарға алынар болса, жоғарыда айтылған сүннет және жамағаттан бөліну әрекетінің діннің негіздерімен байланысы жоқ екені ортаға шығады. Хз. Мұхаммед Мекке кезеңінде адамгершілік нормаларға қайшы әрекеттермен күресті. Медине кезеңінде Жахилия мәдениетінен арылып, мұсылман болған жаңа нәсілмен қатар, шыққан тегін бірінші орынға қоятын еврейлерден құрылған, ішінде екіжүзділері де бар бір қоғамнан «үлгілі жамағат» қалыптастыруға тырысқан.

Құранда мақталған бұл жаңа қоғам (Тәубә 9/100, Хашр 59/8-9) пайғамбардың салып берген жолымен жүріп отырған алғашқы жамағатты құраған. Ислам ғалымдары сүннет дегенді жалпы пайғамбардың көрсетіп, салып беруге тырысқан жолы деп түсінеді. Көптеген сүннет хадистері талданғанда бұл ұғымның, ғибадаттардың орындалуы және өмір барысында көбіне формальдық тұрғыдан ұстанатын жол және әдіс мағынасына келетіні байқалады. Шындығында сенімге (ақида) байланысты талас-тартыстардың (мәселелердің) пайғамбар заманында күн тәртібінде орын алмағаны және бұл мәселеде ешбір сұрақтың болмағаны да байқалады. Бұған қарағанда пайғамбардың сүннет пен жамағаттан бөлінбеуге қатысты өсиеттері мен бұйрықтарының басты мақсаты қоғамдық бірлік пен тұтастықты сақтау, ислами өмір салтын ұстану болған деп ойлаймыз.

Ақайд мазһабтарының ҮІІІ ғасырда ортаға шығып, қалыптаса түскен Х ғасырдың соңдарынан қазіргі кезге дейін мұсылмандардың 90%-дан астамын Сунниттер (Салафи, Матуриди, Ашари), 6-7%-ын шииттер, қалған азғантай бөлігін шектен шыққан ағымдар құрайды. Әбу Ханифадан бастап дәстүрге айналған түсінік бойынша құбылаға қараған мұсылмандарды дін шеңберінің сыртына шығаруға болмайды. Жалпы мұсылман қауымы өз болмысын және құндылықтарын сақтау үшін мазһабтық санадан қажет болған жағдайда шыға да білуі және діни мәтіндері негізінде заманның мәселелерін шешетін ілімдер қалыптастырулары керек. Тек бұл іс-әрекеттер қоғамдық бірлік пен тұтастықты бұзбауы, діннің басты негіздері мен қағидаттарын жоққа шығару немесе қажетсіз халге келтіруді мақсат етпеуі қажет.

Әдебиеттер

1. Жолдыбайұлы Қ. Дін мен діл. – Алматы, 2011. – 288 б.
2. Algul H. Islam Tarihi. – Istanbul, 1982. – С. 2. – S. 77.
3. Unlu Nuri. Islam Tarihi. – Istanbul, 1992. – С. 1. – S. 170-173.
4. Uludag Suleyman. Islamda Inanc Konulari ve Itikadi Mezhepler. – Istanbul, 1992. – S. 289-290.
5. Neset Cagatay, Ibrahim Agah Cubukcu. Islam Mezhepler Tarihi. – Ankara, 1985. – S. 63-65.
6. Bekir Topaloglu. Kelama Ilmi: Giris. – Istanbul, 1996. – S. 103-106. 25
7. M. Yasar Kandemir. Mevzu Hadisler. – Ankara, 1975. – S. 170.
8. Cakan I. L. Hadis Usulu. – Istanbul, 1998. – S. 13.

ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ИСЛАМ ДІНІ

Мусадик Ұ.,

әл-Фараби атындағы

ҚазҰУ-дың магистранты

Байтенова Н.Ж.,

филол.ғ.д., профессоры

ҚазҰУ

Қазақ халқы ғасырлар бойы Ислам дінін берік ұстанып, оның құндылықтарын ұрпақтан ұрпаққа мұра етіп келеді. Ислам – адам баласы өмірінің барлық салаларын қамтитын соңғы әрі кемел дін. Ғылым мен техниканың заманауи жетістіктері бұл діннің қыр-сыры уақыт өткен сайын ашыла беретінін дәлелдеді. Ислам дінінің экономика мен технологияға, халықтың әлеуметтік жағдайларына әсер ететіндігі түрлі саладағы ғалымдар еңбектерінде көрініс тапқан.

Қазақстан Республикасында қалыптасқан діни ахуал – Исламның даму деңгейінің көрсеткіші.

Ислам – он төрт ғасырдан бері бүкіл адамзатты сенімі мен нанымына, тегі мен нәсіліне қарамай бейбітшілік пен ынтымаққа, сабырлық пен тазалыққа шақырып келе жатқан Алла тағаланың бірегей діні. Тарих сахнасына көтерілгеннен бері, өмірдің өзі көрсеткендей, Ислам дінінің ғылым-білім мен өркениеттің сарқылмас кәусар бұлағы екендігін әлем мойындауда.

Елбасымыздың бастамасымен өткізілген Әлемдік және дәстүрлі діндердің I, II, III, съездері қазақ елінің дінаралық сұхбаттастық пен ұлтаралық қарым-қатынас мәдениетінің Қазақстандық моделінің әлемдік қауымдастық тарапынан оң бағасын алуын қамтамасыз етті. Елбасымыздың сарабал саясатының арқасында ел өмірінде діни төзімділік, дінаралық келісім және ұлтаралық татулық орныққан.

Елімізде 46 конфессияға тиесілі 5000 жуық діни бірлестіктер қызмет атқаруда. Сүнниттік ислам және православиялық христиандық ел халқының басым көпшілігі ұстанады. Ислам діні Қазақстан халқының 20-дан аса ұлттары мен ұлыстарының діни бірегейлігінің факторы және мәдениетінің рухани негізі болып табылады.

Жаһандану жағдайында еліміздің ұлттық және мемлекеттік бірегейлігін сақтау үшін өзіміздің ұлттық болмысымыз бен төлтума мәдениетімізді, рухани құндылықтарымызды танып білу, ұлттық бетбейнемізді жоғалтпай, болашақ ұрпаққа ұлттық құндылықтарымызды сабақтастықпен жеткізу өмір талабы. Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаев: «Егер біз мемлекет болғымыз келсе, өзіміздің мемлекетімізді ұзақ уақытқа меңзеп құрғымыз келсе, онда халық руханиятының бастауларын түсінгеніміз жөн» [1, 273 б.], – деп айтады.

Еліміздің тәуелсіз ел ретінде әлемдік қауымдастыққа ену, ұлт руханиятының қайнар көзі тіл, дін, дінді өркендетуге жол ашты. Халқымыздың рухани құндылықтарының бірі ислам дінінің қайта жаңғыру үрдісі діни сана мен діндарлықтың жандануына ықпал етті.

Елбасымыз: «Біздің, қазақтар үшін ислам – ең алдымен бір кездегі мүлде ұмыт болуға айналған, біздің бабаларымыздың рухы мен аса бай мұсылман мәдениетіне лайықты бағасын беруге мүмкіндік тудыратын, біздің дүниетанымымызды анықтап беруші, биік идеал мен фактор, былайша айтқанда, символ» [2, 100 б.].

Бәрімізге белгілі Орта Азия аймақтарында исламның таралуы VII ғасырдың екінші жартысынан, яғни бірінші Омейяд халифі Муавий Ибн-Суфьянның билік ету кезеңінде басталады. Өзбекістан, Тәжікістанмен салыстырғанда Қазақстан аумағында ислам дінінің орнығуы ұзақ және қиын болы да, бірнеше ғасырға созылды.

Ғалымдар (тарихшылар, дінтанушылар) Қазақстандағы исламның таралуын бірнеше салаға бөлді.

Алғашқы сатысы – VIII-IX ғасырда Еуразия даласына исламның енуі.

Екінші кезең – X-XVII ғасырда ортағасырлық мемлекеттерде ислам діні басым болды. Осылайша ислам X ғасырда Жетісудағы Қараханидтер мемлекетіне енді. Кейінірек Алтын Ордада, қазақ хандықтарында кеңінен таралып, орнықты.

Сонымен бірге Қазақстандағы исламның екі ерекшелігін атап өту керек. Біріншіден, исламның өздігінен ену сипаты. Екіншіден, ұзаққа созылу үрдісі (VIII-XVI ғасырлар). Бұл өз кезегінде көшпелі ортадағы діннің синтетикалық сипатына әсер етті.

XVI ғасырда исламның тереңдеп енуі хандар билігінің (көшпелі қоғамға ғана тән) орталықтануына ғана емес, соған сәйкес қазақ тайпаларының біртұтас этникалық қауымдастыққа бірігуіне де ықпалын тигізді.

XVIII ғасырдың басында исламның орнығуы Тәуке ханның “Жеті жарғы” заңдарында да айтылып, онда мұсылман дінін мемлекеттің қолдайтындығы туралы жазылған.

XVIII-XIX ғасырдың соңында Қазақстандағы ислам тарихының үшінші сатысы – Ресей империясының құрамына ену, суфизм рөлінің, Ресей отаршыл әкімшілігінің исламға деген екі жақты саясатына қатысты татар молдаларының миссионерлік қызметінің төмендеу кезеңі. Бұл кезеңде қазақ дінбасылары Орынбор мұфтиатының қарамағына енген болатын.

Қазақстан халқы этникалық құрамының қалыптасу ерекшеліктеріне әсер еткен көші-қон процес-тері, ендігі жерде жекелеген мұсылман институттары этникалық сипат алуына да ықпалын тигізді. Бұл исламға тән емес көрініс екенін атап өткен жөн. Осылайша XX ғасырдың басындағы орыс әкімшілігінің арнайы құжаттарында Верный қаласындағы (қазіргі Алматы) сегіз мешіттің болғандығы, олардың арасында татар, дүнген, ұйғыр, өзбек мешіттері тіркелген.

Мешіттердің этникалық таңбалау дәстүрі кейін де қазіргі күнде де кездеседі, бұл Қазақстандағы этникааралық тұрақтылықтың нығаюына кедергі болады.

Қазақстандағы ислам тарихының төртінші кезеңі – XIX ғасырдың аяғы – XX ғасырдың басын қамтиды. XIX ғасырдың соңынан бастап Қазақстан аумағындағы ислам бағытының нығаюы Ресей үкіметінің, отаршыл әкімшіліктің талаптарына сай келмеді. Белгілі бір дәрежеде бұл сыртқы факторлармен – орыс-түрік қатынастарының шиеленісуі, “мұсылмандық сепаратизмнен” сақтану сылтауы, жергілікті мұсылмандардың Осман Түркиясымен байланысының өсуімен байланысты болды. Нәтижесінде әртүрлі діни ағымдардың пайда болу “панисламизмді” насихаттау деп көрсетілді.

Қазақстандағы ислам тарихының бесінші кезеңі – кеңес дәуірі. Исламға деген саясат жалпы дінге қатысты саясат аясында жүргізілді. Қазақ діни басқармасы 1923 жылдан кейін орталығы Уфа қаласы болып саналатын ішкі Ресей және Сібір мұсылмандарының Орталық діни басқармасының қарамағына енді.

XX ғасырдың 20-жылдарының екінші жартысынан бастап тоталитарлық жүйенің діндерге, оның ішінде исламға қарсы қуғындау саясаты анық байқалды. Арнайы құжаттарда исламның “антикеңестік сипаты” 1920 жылдардың соңында “исламмен күрес” “еңбекшілердің тап жауымен” күрес ретінде көп етек алды. Осылайша дінді, оның ішінде исламды бұрмалау бағыты күшейтілді.

1941 жылы орталығы Ташкент қаласы болған, Орталық Азия және Қазақстан мұсылмандардың діни басқармасы құрылды. Тоталитарлық саясат жүйесіндегі барлық діни ұғымдар секілді, бұл басқарма да толығымен мемлекеттік бақылауда болды.

Соңғы он жылдықтарда, яғни XX ғасырдың 80-жылдарының екінші жартысын толық қамтыған аралықта мемлекет тарапынан діндер бостандығын шектеу жоспарлы түрде жүргізіліп, қоғамды діннен бездіру саясаты үстемдік етті.

Қазақстандағы ислам дамуының алтыншы (қазіргі) кезеңі. 1980 жылдардың соңынан бастап Қазақстандағы исламның қайта жаңғыруы жүрді. Дінге деген халықтың қызығушылығы арта түскені байқалады. Демократиялық қайта құрулар халықтың дінге сенуді емес, догматикалық жағына да қызығуға жол ашты. Қазақстан тарихында алғаш рет 1990 жылы жеке мұсылман діни басқармасының (муфтият) құрылуы маңызды, айтылуы оқиға болып саналады.

Көптеген зерттеулердің пайымдауынша өте қатал кең көлемде жүргізілген тоталитарлық, мәні жағынан кеңестік саяси жүйенің исламға деген ұстанымының өктемдігін, 70 жыл бойы халықты діннен бездіру саясатын қолдағандығын әрі кеңестік кезеңге дейінгі уақытта қазақтарда ислам институтының аса жетілмегендігін айта келіп, қазіргі Қазақстанда исламның дамуын тек қайта даму деп қана қарастырмайды, оның жаңа сатысы деп таниды. Сонымен қатар біздің пікірімізше діни-рухани саладағы үрдістерді исламның қайта өрлеуі, оны дәстүрлі тамырына қайта оралудың табиғи жолы деп тану қажет.

Дін, көпдінділік анықтамасы ҚР Конституциясының “Діни сенім және діни бірлестіктердің еркіндігі туралы” Заңында айтылады. Аталмыш Заң сарапшылардың пікірі бойынша кеңестік кезеңнен кейінгі мемлекеттердегі діни ұйымдардың ережесін жүйелеп отыратын заңдардың ішіндегі анағұрлым либералды заң болып табылады [3, 29 б.]. Қазақ елінің ұлт болып қалыптасуы мен мемлекеттік құруда ислам дінімен құндылықтарының алатын орны ерекше. «Жас ұрпақты ынтымақ пен ауызбірлікке үндеп, ата-баба діни исламды құрметтеп, шарифат құндылықтарын қастерлеуде үлкен өнеге болары сөзсіз. Өйткені қоғамның тұтастығы мен оның рухани деңгейіне тікелей байланысты» [4]. Бүгінгі Қазақстан халқының 72 пайызын құрайтын мұсылмандар, 26 ұлттың өкілдері болып табылады. Ислам діні дүниежүзі елдеріне Мұхаммедтің (с.а.у) – сахабалары арқылы тарады. Ислам діні әрбір елдің әдет-ғұрыптары мен дәстүрлеріне, діліне байланысты жергілікті ерекшеліктеріне қарай орнықты. Қазақ елі ислам дінін қабылдағаннан бастап құлшылықтарын, ғибадаттарын имам әл-Ағзам Әбу Ханифа мазһабы және имам Матуриди діни сенім мектебі негізінде атқарған. Ислам діні адамзатты бейбітшілікке, татулыққа, ынтымаққа, ізгілікке, тақуалыққа, әділдікке, тазалыққа, тура жолға үндейді [5]. Бұрынғы даналар: «Қараңғылықты жамандай бергенше, кішкентай болсын шамшырақ жақ, қараңғылық өздігінен кетеді», – деген екен. Олай болмаған жағдайда дау-дамайдан дін Исламның атына айықпас кір жұқтыруымыз мүмкін. Бұл үшін біздің тарапымыздан даналық пен көркем мінез, ықылас пен кешірімділік талап етілді. Ауызбіршіліктен айырылып қалмау мақсатында бүкіл топтарды бір мазһабтың астына біріктіріп, ҚМДБ бекіткен жоспарға сай жұмыла білсек Алла еңбегімізді жеміссіз қалдырмас. Қазіргі азаматтығымызды алған кезімізде, тәуелсіздігімізді баянды ету үшін тіл, дәстүр, тарихымызбен бірге дінімізді де дамыту мәселесі тұр. Біз аталғандарды біртұтас қарастыруымыз қажет. Қазіргі тәуелсіздігімізді құру кезеңіндегі уақытша түрлі әлеуметтік, экономикалық қиындықтарды жоққа шығаруға қажет. Бұл азаматтарымызды қорғау болып табылады. Өкінішке орай, соңғы кезде өзге діндердің көп насихаттауы, ал бұқаралық ақпарат құралдарының кейбіреулерінде Ислам діні бұрмалап терроризмге, экстремизмге теңеліп жүр. Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың Азаматтық радиосына және басқа да ақпарат құралдарына берген жауаптарында мәселені тереңнен қарауға шақырып, Ислам дінінің ізгілікті насихаттаушы дін екеніне баса назар аударғаны көңілге қуаныш ұялатады.

Таза ғылыми тұрғыдан зерттегенде Исламнан тыс ағымдарды Исламға таңып, Ислам дінінде барғып көрсетіп, ашық бұрмалау арқылы адастыру етек алып барады. Ислам діні бүкіл әлемді жаратушыны бірлей отырып, адам баласын бірлікке шақырады. Біздің Қазақстан мемлекеті, қазақ ұлты үшін де бірліктің орны ерекше. Қазіргі кезде халқымыздың рухани дамуы үшін де, мемлекетіміздің қауіпсіздігі үшін де дініміздің халыққа жеткізілуі өте қажетті жұмыс. Сонда ғана біз ұлттық бірлігімізді қорғап біреулердің ықпалына түсуден сақтана аламыз [6, 26 б.]. Тағы бір қынжылатын мәселенің бірі – ислам дінінің өзінде көптеген тармақтарға бөлінушілік мәселелерінің белең алуы дер едік. Ханифиттік мазһаб негізінде жұмыс жүргізетін Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының онды бағытын ескермей, өз беттерінше «сүрлеу салып», түрлі жолдарды ұсынып, халықты адастырып, шатастырып жүрген көптеген діни тармақтар өз беттерінше жұмыстарын жүргізуде. Бұлардың қатарына ханафиттік мазһабты ұстана отырып, жұмыс жүргізетін сопылық бағыттағы тариқатшылар мен зікірші – исматуллашыларды, кей сәттерде қылаң беріп қалатын нұршылар мен сүлейменшілер жамағатын жатқызуға болады. Жоғарыда атап өткендей, бұлардың барлығы да Имам Ағзам Әбу Ханифа мазһабын ұсынушы топтар. Түпкі қазығы бір болып табылатын мұндай топтардың бастары бірікпей отырғандығы өзге діндегілер үшін таптырмас жағдай болып отырғанын біреу түсінер, екінші біреу түсінбес. Бұлардан бөлек, ел өмірінде ортодоксальды исламды ұсынушы – уахабилік-сәләфилік ағым, тәк-

фиршілер жамағаты мен «Таблиғи жамағат» сияқты ұйымдар бар. Сондай-ақ, орталығын Лондын қаласы етіп отырған ахмадиялықтар да өз қызметін жүзеге асыруда.

Мұсылмандықты бетперде етіп, халықты түрлі жолдармен алдап-арбап өз қатарларын толтырып жатқан мұндай кері ағымдардың біздің елімізге берері шамалы. Тек кейбір қандастарымыздың осылардың алдау-арбауына оп-оңай түсіп қалатындығы қынжылтады. Қасиетті Құран Кәрімнің Хужрат сүресіндегі 10 аятында: «Шын мәнінде мұсылмандар бір-біріне бауырлар» делінсе, хазіреті Мұхаммед (с.ғ.с) пайғамбарымыздың хадис шәріптерінде «Мұсылман – мұсылманға бауыр» дейді. Түрлі ағымдардың жетегінде кетіп отырған азаматтардың барлығы да шет жақтан келгендер емес, өзіміздің карагөз бауырларымыз. Олардың адаспаушылығының негізінде өздерінің қандай құрылған торға түсіп отырғандығын сезінбейтіндіктері қынжылтады. Осының барлығы айналып келгенде діни сауаттылықтың жетіспеушілігінен әрі дінге деген немқұрайлылықтан туындауда.

Қазіргі кезде ел болашағы – жастар, Қазақстанның келешегін көркейтетін білімді ұрпақ деген сөздерді жиі естеітін болдық. Әдетте, қай халықтың да болмасын, мемлекеттік даму стратегиясында жастарға, жас буынға, олардың тәрбиеленіп, ортаға сай озық білім игеріп шығуына басты назар аударды, Жас ұрпаққа рухани-адамгершілік тәрбие, білім беру адам дамуының рухани үйлесімділігін, өмірдің құндылықтарын түсінуге, өзін қоршаған ортамен үйлесімділікте ұстай білу, жердегі тіршілікті сақтау үшін өзінің қажетті түсінуін қамтамасыз ету қажет.

Рухани тәрбие адамның ізгілік ұстанымдарын тәрбиелейді. Жеке тұлғаның ақылолы мен іс-әрекеттерін жүрек арқылы ізгілік мұраттарға бағыттап, өмір даналығын түсінуге рухани көзқарас қалыптстырады.

Руханилықтың тағы бір келбеті адамның өз бойындағы барлық жақсы қасиеттерін әлемге паш етуге дайындығы, өзінің ақылы, дарыны, қабілеті, ішкі нұры мен жүрек жауын айналасындағылармен бөлісуге ұмтылысы.

Қазақ халқының дін туралы танымы, сенімі ерекше. Дін туралы білу-әрбір саналы адамға мәдени қажеттілік болып табылады.

Діннің адам қоғам арасын жалғастырушы, жаратушы және үйлестіруші қасиетін жете түсініп, оны жан мен тән тазалығын сақтайтын, парасат тағылымдарын демеуші, адамға өнеге тәлім берер, пейілге мейірім ұялатар рухани күшке бағалаған. Қазіргі заман талабына сай діни сауаттылық қажеттігін қоғам мойындап отыр. Жастарды имандылыққа тәрбиелейтін-дін. «Жастар- қоғамның тұтқасы» дейміз. Содықтан дін жастарға әсер етпей қоймайды. Демек, жастарға, олардың психологиясына әсер ету арқылы ғана имандылыққа, әдептілікке тәрбиелеуге болады. Жастарымыз иманды болса, ел де иманды болады. Ал иманды ел- инабатты ел. Сонда иманды елде қылмыс кеміп, ар мен ұят үстемдік құрады. Ал адамзаттың түпкі мақсаты- соған біртіндеп жол салып, жету болып табылады. Біз асыл дінімізді түрлі саяси мақсатқа пайдаланғысы келетіндерге жол бермеу, әрі олардың жетегіне кетпей, біртұтас Қазақстан үшін жұмыла жұдырық болып, діндер арасындағы түсіністікке, диалогқа жол ашып, жікшілдік пен фанатизмге тосқауыл болуға тиіспіз. Бұл үшін бізде ең алдымен бірлік болуы керек. «Бірлігі жарасқан ел озады» деген сөз бар қазақта. Сондықтан барлығымыз өз ара ынтымақ пен бірлікте болып, өзара сыйластықта жүрсек бізді алар жаудың болмайтындығы сөзсіз.

Әдебиеттер

1. Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында. – Алматы: Атамұра, 1999. – 273 б.
2. Назарбаев Н.Ә. Сындарлы он жыл. – Алматы: Атамұра, 2003. – 100 б.
3. Қазақстан Мұсылмандары Діни Басқармасының Бесінші Құрылтайы. Астана 2010, ҚМДБ төрағасы, Бас Мүфти, Шейх Әбсаттар Қажы Дербісәлінің 2005-2010 жылдарға арналған есепті баяндамасы, Мешіт жұмысы. – 205 б.
4. Мұрат Жұрынов Құтықтау // Ислам ынтымақ пен бірлік жолында. Алматы, 2008, 4-бет.
5. Бейсенов Б. Қазақстандағы ислам кеше және бүгін. ҚазҰУХабаршысы. 2009.№-1.1766.
6. Сәрсекенова А.Б. Жас ұрпаққа рухани адамгершілік тәрбие мен білім беру // Дін және құқық. – Астана 2009, – № 3 (11), – 41 б.

СОДЕРЖАНИЕ

СЕКЦИЯ 1. ТОЛЕРАНТТЫЛЫҚТЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК, МӘДЕНИАРАЛЫҚ ЖӘНЕ ЭТНИКАЛЫҚ КОММУНИКАЦИЯНЫҢ ПРИЦИПТЕРІМЕН ЖАҒДАЙЛАРЫ

<i>Нуржанов Б.Г.</i> Толерантность – императив современной культуры	4
<i>Кулсариева А.Т.</i> Толерантный потенциал национальной идеи современного Казахстана	7
<i>Затов Қ.</i> Толеранттылық ұғымы жайлы	10
<i>Масалимова А.Р.</i> Некоторые аспекты философско-культурологической интерпретации маргинальности	12
<i>Молдабеков Ж. Ж.</i> Потенциал толерантности и приоритеты идентичности	15
<i>Карабаева А.Г., Исмагамбетова З.Н.</i> Роль духовно-нравственных факторов в формировании толерантности	18
<i>Абишева А.К.</i> Ценности мира и толерантности	21
<i>Мирзабекова А.Ш., Мустафина Т.В.</i> Роль толерантности в мировоззренческой подготовке будущих врачей.....	24
<i>Исмагамбетова З.Н., Карабаева А.Г.</i> Духовно-психологические качества человека и толерантность.....	28
<i>Мұханбет Ә.А., Бияздықова К.Ә.</i> Заманауи қоғамдағы дәстүрлі мәдениет және тәрбие.....	31
<i>Кабиденова Ж.Д.</i> Проблема актуализации патриотизма в контексте гражданской идентичности в современной рекламе	33
<i>Жүсіпбеков Ш.Б., Исмагамбетова З.Н.</i> Отандық телеарналардағы экрандық мәдениеттің семиотикалық негізі.....	35
<i>Бекболатұлы Албек, Исмагамбетова З.Н.</i> Толеранттылықты қалыптастырудағы медиамәдениетпен діннің рөлі.....	38
<i>Жұмагулова С., Борбасова Қ.М.</i> Семиотикалық анализдің теориялық принциптары	40

СЕКЦИЯ 2. ДІНИ САЛАДА ТОЛЕРАНТТЫЛЫҚТЫҢ ДАМУЫ

<i>Құрманалиева А.Д.</i> Толерантты сана қалыптастырудағы дінтанулық білімнің орны.....	45
<i>Габитов Т.Х.</i> Феномен религиозной толерантности	48
<i>Абдигалиева Г.К.</i> Толерантность как ценность религиозной культуры.....	52
<i>Габитов Т.Х.</i> Толерантность и регулирование конфликтов в религиозной сфере	56
<i>Габитов Т.Х.</i> Проблема толерантности в светском и религиозном сообществах	60
<i>Затов Қ.А., Иишаханов Ж.</i> Қоғам және дін	67
<i>Жусупов С. Х., Жусупова Р.К.,</i> Религия как феномен культуры	71
<i>Аубакирова С.</i> Діни толеранттылық туралы	74
<i>Аймухамбетов Т., Нурмухамбетова А.</i> Религиозные секты как угроза безопасности Казахстана.....	76
<i>Ескеров Х., Құрманалиева А.Д.</i> Тәуелсіз қазақстандағы ислами білім беру орындары	79
<i>Ешниязова, Құрманалиева А.Д.</i> Діни негіздегі қақтығыстар (дінтанулық талдау).....	83
<i>Укибаев А., Бейсенов Б.Қ.</i> Исламдағы мазһабтардың пайда болуы және мазһабқа бөлінушілік мәселесі	85
<i>Мусадик Ұлан, Байтенова Н.Ж.</i> Тәуелсіз қазақстан республикасындағы ислам діні	89

СЕКЦИЯ 3. ЗАМАНАУИ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ҚОҒАМДА РУХАНИ-АДАМГЕРШЛІК ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ ЖӘНЕ ТОЛЕРАНТТЫЛЫҚ

<i>Габитов Т.Х.</i> Духовность и толерантность как ориентиры казахской культуры	93
<i>Раев Д.С.</i> Қазақтың ортодоксалды толерантты концептсфера өрісі: аксиологиялық талдама (амыздың өсиетнамасы негізінде).....	97